

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ
АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ



АКІМАТ
АЛАКОЛЬСКОГО РАЙОНА
АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

2019 жыл 20 желтоқсан

Ушарал қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 340

город Ушарал

Алакөл ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алакөл Тазалық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» № 220 Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» №413-IV Заңының 18-бабы мен «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» Заңының 31, 37-баптарына сәйкес, Алакөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алакөл ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алакөл Тазалық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жарғылық капиталының 52 188 080 теңгеден 2 155 931,38 теңгеге азайтылуына байланысты кәсіпорынның жарғысына өзгерістер енгізілсін.

2. Алакөл ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алакөл Тазалық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Жарғысына қосымшаға сәйкес, өзгерістер енгізіліп бекітілсін.

3. Алакөл ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алакөл Тазалық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жарғысының аудандық әділет басқармасында өзгертулермен толықтырулар енгізуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д.Қанағатовқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Ө. Жақанбаев



000005